

ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясы



ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясында Мемлекеттік рәміздер күніне орай өткен шараны оқу орнының бастығы, полиция полковнигі Мирлан Қызылов құттықтау сөзімен ашты. «Елтаңбамыз Отанымыздың тарихын, ұлттық рухты, шаңырақтың беріктігін паш етіп, республикамыздың қанатты тұлпардай ұшқырлығын айғақтап келеді. Барша республикада қазақ жерінің елдігін танытып, қазақстандық патриоттық рухты оятатын, отаншылдық, адамгершілік, қайраттылық, мақтаныш сезімдерін тудыратын нышандар өз дәрежесінде көрініс тауып отыр», – деді М.Қызылов. Іс-шара барысында профессорлық-оқытушылар құрамына және тыңдаушыларға мемлекеттік-құқықтың пәндер кафедрасының оқытушысы полиция капитаны Медет Смағұлов «Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздіктің нышандары» баяндамасын оқыды. Ардагерлер кеңесінің төрағасы, отставкадегі полиция полковнигі Татьяна Зюбанова Ардагерлер кеңесінің атынан оқу ордасының барша қауымын мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтады. Сондай-ақ, осы мереке күніне орай, полиция полковнигі М.Қызылов қызметтік міндеттерін адал атқарған, Академияның және курстың көпшілік-қоғамдық жұмыстарына ат салысқан, республикалық, облыстық, өңірлік деңгейлерде өткізілген барлық шараларға белсене қатысып, жұлделі орын иеленген тыңдаушыларды грамота, алғыс хаттармен марапаттады. Салтанатты шара оқу ордасының профессорлық-оқытушылар құрамы мен тыңдаушыларының салтанатты шеруімен аяқталды.

Орынбасар УАҚПАЕВА